

Қазақстан-Ресей медицина университеті  
кафедра: Жалпы фармакология және клиникалық фармакология

# ОСӨЖ

Тақырыбы: Аfferенттік иннервацияға әсер ететін дәрілік заттар: **Ментол, қыша қағазы**, қолдануы, химиялық әсері, жанама әсері

Топ :201 Б

Курс: 2

Факультет: Жалпы медицина

Дайындаған: Токкожаева Г.А.


Тексерген: Туганбаева Н. Е.

Алматы 2016

# **Мазмұны**

- **1 Жалпы сипаттамасы**
- **2 Биологиялық сипаттамасы**
- **3 Ментолдың қасиеттері**
- **4 Ментолдың пайдасы**
- **5 Қыша қағазы анықтамасы**
- **6 Қышаны ауруларда қолдануы**
- **7 Қыша қағазының жалпы көрсеткіштері мен әсері**

Ментол (лат. *Méntha piperíta*)- еріндігүлділер тұқымдасына жататын көп жылдық тамырсабақты өсімдік. Қазақстанда жалбыз туысының 10 түрі өседі, соның ішінде дәрілік мақсатта бұрышты жалбыз қолданылады. Және де бұл өсімдіктің басқа түрлерінен порфюмериялық , кондитерлік , гигиеналық мақсаттарға қолданылады.



- **Жалпы сипаттамасы**


- Дәрілік өсімдіктерді бірі - ментол. Ол - хош иісті, көп жылдық шөптесін өсімдік. Солтүстік қоңыржай ендікте көп тараған. КСРО-да 20-дан астам түрі өседі. Қазақстанда жалбызды 9- түрі өседі. Сабағы тік, жапырақтары қарама қарсы орналасқан болады. Оның дала ментол, су жалбызы, бұйра жалбыз, кермек немесе бұрыш жалбыз секілді маңызды түрлері бар. Дала жалбызы суармалы жерлерде, өзен, көл, бұлақ маңында, шалғындықтар мен тоғайларда, арық бойында өседі. Оны сабынны иісін жақсарту үшін пайдаланады, дәрілік те маңызы бар. Ал кермек жалбызды жапырағы мен гүл шоғынан жалбыз эфир майы алынады. Бұл майдың негізгі құрам бөлігі - ментол. Ментол парфюмерия, косметика кондитер, кондитер, тамақ өнеркәсібінде, сондай- ақ тіс порошогы мен пастасын жасауда пайдаланылады. Жүрек тамыр жүйесі ауруларына қарсы қолданылатын дәрі Валидол осы ментолдан алынады.

- **Биологиялық сипаттамасы**
- Биіктігі 80-100 см. Сабағы төрт қырлы күрең-күлгін түсті. Жапырағы ұзынша, жұмыртқа пішінді, қысқа сағақты, тақтасының жиектері ара тісті иректелген жай жапырақ. Сабаққа қарама қарсы орналасады. Жапырағын саусақпен уқалағанда жағымды иіс шығады. Себебі, жапырағында 5% эфир майы болады. Маусым мен тамыз айларында гүлдейді. Гүлдері ұсақ, түбі біріккен 5 тостағанша жапырақшасы күлгін түсті. Түбі біріккен 5 күлте, оның екеуі бірігіп жоғарғы ернін, үшеуі бірігіп төменгі ернін құрайды. Сондықтан да, мұндай гүлдерді ерінгүлділер тұқымдасы деп атайды. Аталығы 4, аналық жатыны екі ұялы біреу. Гүлдері сабақ ұшына шашақ гүлшоғырына жиналған. Жемісі- жаңғақша. Жалбызды тамырсабағынан көбейтеді. Эфир майында 55%-ға дейін ментол кездеседі.

## Ментолдың қасиеттері

- Емдік қасиеті ертеден мәлім. Оны халық жүз бір ауруға ем дейді. «Ментолды жерде жан қалады, ерменді жерде ер өлмейді» деген мәтел бұл өсімдіктің осындай қасиетіне байланысты айтылған болса керек. Жалбыздың түрлері көп. Қазақстанда оның екі иүрі кездеседі – кара жалбыз, ақ жалбыз. Ол ерінгүлдер тұқымдас, көпжылдық өсімдік. Өзен мен көл жағаларында, тау баурайында, шабындықтар мен бақшаларда кездеседі. Жалбыз өсімдігінің құрамында адам ағзасына пайдалы заттар мол. Соның екі қасығын аралыстырып күніне бір шай қасықтан үш рет екі ай ішсе, жүрек ауруының бәріне ем. Сондай-ақ оны бүйрек пен бүйрек түбекшесі, бауыр мен жолының қабынуына қарсы қолданады. Жалбыз ұнтағының осы мөшерін бал орнына сары майға аралыстырып жоғарыдағыдай ретпен қабылдаса демікпе сырқатын жазып, өкпенің тыныс алу жолдарын тазартады. Булығып жөтелгенді тиып, қарлыққан дауысты ашады. Тершен адам жалбыздың кепкен жапырағын ыстық суға бұқтырып демдеп, жатар алдында жарты стаканын ішіп, ал аяғының шуашы барлар сол суға үш мезгіл аяғын жуып жүрсе, бұл жағымсыз иістен арылады. Полиартритпен ауыратын адам кепкен жалбыз шөбін суға қайнатып, күніне бір реттен жатар алдында ванна жасап булап жүрсе сырқатынан сауығады. Ал, соңғы кезде жалбыз тұнбасын іштің кебуін басатын, бойға күш-қуат беретін, несеп жүргізіп қуықтың қабынуын жазатын, етеккірді шамадан тыс келуін тоқтататын дәрі ретінде қолданып жүр. Сонымен қатар жалбызды басқа дәрілік шөптерге қосып өкпе туберкулезін де емдей бастады. Еті тілініп кеткен жарақатқа, іріңді шиқан сияқты шығулар мен қотырларға жалбыз тұнбасын таңып тастаса, тез жазылады.

- **Ментолдың пайдасы**
- Жалбыз қосылған шәй жүрек ауруымен ауыратындарға, тамақтан уланғанда, асқазан - бауырауруы мен ауыргандарға, жүйке жүйесі бұзылғандарға өте пайдалы. Және бас ауырғанда, қатты ашуланғанда ішу керек. Жалбызды 1 стаканға 2-3 еуін салса жеткіліті. Жалбыз қосылған шәйді: қан қысымы жоғары адамдарға, 6 жасқа дейін толмаған балаларға, ішуге болмайды. Жалбыз қосылған шәй адам ағзасын тазалайды. Тағы бұл өсімдіктің дәрі және құрғатылған шөп дәрі ретінде де қалалардың кез келген дәріханаларнда қол жетімді бағада сатылады.



- **Валидол** — изовалериан қышқылының ментол эфирінің ішіндегі ментолдың 25—30%-тік ерітіндісі; медицинада кеңінен қолданылады. Валидол шамалы рефлекторлық тамыр кеңейткіш әсерде болады, седатив эффектмен ие болады.

Препараттың әсері сезгіш жүйке жұрнақ түршігуге қатысты рефлекторлық реакциялармен едәуір дәрежеде шартталған. Шырышты қабықтардың рецепторларының түршігуі энкефалина, эндорфинов, динорфинов және пептидтер, қатерлі сезінулерді регуляция, тағы басқа процесстердің ыдыстарының өтімділігіндегі



- **Валидол** – ментолдың изовалериан қышқылының ментил эфирінің 25-30% судағы ерітіндісі, ментолдың ұзартылған әсерін көрсетеді, тіл астын стенокардияны емдеуде спазмолитикалық әсер көрсетеді.



- Корвалол ( Corvalolum ) - ментол , этил  $\alpha$  - bromizovalerianovoy қышқылы және Фенобарбитал негізделген тыныштандырушы , седативті әсері бар . Ол тамшылардың түрінде , сондай-ақ ( тілдің астына ) сумен ішіп тіл астына қолданылады
- Альфа- этил bromizovalerianovoy қышқылы ( валерианы дәрілік эфир майының негізгі компоненті ) , ( еритін фенобарбитал натрий Фенобарбитал беру үшін ) шамамен 2 % , фенобарбитал 1,82 % , каустикалық сода , шамамен 3 % , бұрышты жалбыз майы 0,14 құрамында біріктіріп дайындау 100% этил спирті мен 96% тазартылған су қоспасы



Бұрышты жалбыз немесе кермек жалбыз (лат. *Mentha piperita*) - ерінгүлділер тұқымдасына жататын өткір хош иісі бар көпжылдық шөптесін өсімдік. Негізінен оны дәмдеуіш ретінде қолданады. Еуропа мен Азияда өседі, Солтүстік Америка табиғатына бейімделген. Жап-жасыл жапырақтарын шыбық тәріздес етіп тегіс кеседі және ақшыл қызыл лаванда гүлдерінің ұзақ сақталған гүлшоғырымен қоса кептіреді. Бұрышты мятаның майын тәтті пісірімдерге және шайнамалы резеңкелерге (сағыз), тіс пасталарына, дәрі-дәрмектерге хош иіс беру үшін қолданады. Майдың құрамында ұзақ жылдар бойы тыныштандыратын дәрілердің құрамына қосылып келе жатқан ментол болады. Химиялық құрамы[өңдеу]



Бұрышты жалбыз жапырағының химиялық құрамында әсер етуші заттар- эфир майлары (негізгі компоненті моноциклді терпен туындысы – ментол (40-70%), ментон (10-25%), пулегон, ментофуран және оның сірке, валериан қышқылдарымен эфирлері, пинен, лимонен), сонымен қатар терпендер бар: L - лимонен,  $\alpha$  - фелландрен,  $\alpha$  -,  $\beta$ - пинендер. Бұрыш жалбыз жапырағының химиялық құрамында ілеспелі заттары: флавоноидтар, каротиндер, тритерпен қосылыстары, геспередин, бетаин, урсол және олеанол қышқылдары да бар.





- Қолдануы
- Кептірілген дәрілік өсімдік шикізатының медициналық қолданылуы. Медицинада қолданылуы: тұндырмасы өт айдау үшін, ас қорытуды жақсартуға, асқазан-ішек спазмдарында, лоқсуда, жүрек айнығанда және антисептикалық, тынышдандыратын дәрі ретінде қолданылады.
- Препараттар: бұрыш жалбыз жапырағы көптеген асқазанға, өт айдауға, тыныштандыруға арналған жинақтар тұндырмалар құрамына кіреді, комплексті препараттарына-корвалол, валокордин, пектусин, меновазин, бороментол дәрілері жатады. Сонымен бірге бас сақинасына қарсы қарындаштың ауысында, мұқият бітелгенде тамызатын тамшы құрамына кіреді. Мұқият кездеседі.



- **Қыша қағаз** - бір жағына қыша ұнтағы жағылған қағаз. Пайдаланар алдында оны жылы суға салып, содан кейін денеге тікелей немесе газет, дәке, шүберек сыртынан (тері аса сезімтал болғанда) жапсырады. Дененің жапсырылған тұсы қызарғанша (әдетте 5-10 минут) ұстайды. Алғаннан кейін денеге жабысып қалған қышаны жылы сумен шайып, содан кейін ептеп сүртіп тастайды, тері қатты қызарған болса, ол жерге вазелин жағады. Қышаны қолдан дайындау үшін оның құрғақ ұнтағын (балалар үшін оны жартылай бидай не картоп ұнымен араластырады) жылы су қосып, қою ботқа болғанға дейін араластырады. Дайын ботқаны нығыздау матаға 0,5 см қалыңдықпен жағады. Содан кейін бетіне шүберек салып денеге жабысқанша саусақпен басып ұстайды не бинтпен таңып тастайды. Тыныс жолдары қабынғанда қышаны кеуде тұсқа (кеуденің дал ортасына) және балтырға, бронхит кезінде кеуденің бір не екі жағына, гипертонияда желкеге қояды. Тері ауруларымен ауырғанда қышаны пайдалануға болмайды

- Қышаны мына ауруларда қолданады :** -Тыныс алу жолдары мен кеңірдектің ішкі кілегей қабығы қабынғанда, өкпеге салқын тигенде, бронхитте, стенокардияда. Қышаны қай кезде қолданбайды : тері ауруларында, қызу 38 градустан жоғары көтерілгенінде, ісік ауруларында, өкпеден қан кеткенінде, терінің сезімтал-дығы кенеттен төмендеген-де, жойылғанда. Қыша басу : Ыдысқа жылы су (40-45 градустағы) құяды.Қыша қағазын жылы суға малады, одан алып теріге басады. Сырқаттың үстін жылы орамалмен немесе жамыл-ғымен жабады.10-15 минуттан соң денедегі қышаны жайлап алып тастайды.Жылы суға малынған орамалмен қыша басылған жерді сүртіп, денедегі қыша түйіршіктерін кетіреді, сосын сырқаттың үстін тағы да жылы жабады.





- **Мақсаты:** дене учаскесін қыздырып қанмен толысуын күшейту, ауырсынуды басу, қабынуға қарсы, ісінуді тарату әсері.
- **Қолдану көрсетілімдері:** тыныс алу жолдарының қабыну аурулары, гипертониялық криз, стенокардия, бұлшық еттердің қабынуы, жүйкелердің қабынуы, операциядан кейін болатын іркілу құбылыстардың алдын алу.
- **Қарсы көрсетілімдері:** тері аурулары, жоғары қызба, өкпеден қан кету, тері сезімталдығының қатты төмендеуі немесе болмауы, қатерлі жаңа ісіктер.
- **Қоятын орындары:** желке аумағы, балтыр бұлшық ет аумағы, жүрек аумағы, төс сүйектің

## • АЯҚҚА ҚЫША ВАННАСЫН ЖАСАУ

**Мақсаты:** аяқтардың қан тамырларын рефлестік кеңейт

• **Қарсы көрсетілімдері:** тері аурулары (пиодермия, терінің іріңді аурулары, нейродермит, экзема).

• **Дайындаңыз:** 50 г құрғақ қыша 10 л жылы суға ( $40^{\circ}$ - $45^{\circ}$  C): емшарадан кейін аяқты жууға арналған жылы суды, сүлгіні, ақ жайманы, аяқты орауға арналған көрпені.

• **Асқынулар:** терінің көлбіреп күйі, терінің дақтануы.





## Пайдананылған әдебиеттер:

- "Гүлстан" республикалық ғылыми-танымдық, көпшілік журнал, 2010 жыл ISSN 2078-6727
- Қолданылған әдебиеттер тізімі: 1. А.П. Арзамасцев. Фармацевтическая химия: учебное пособие, 3-е изд., испр. –М.: ГЭОТАР-Медиа, 2005.-201с. 2.Беликов В.Г. Фармацевтическая химия. В 2-х ч: учебное пособие, 4-е изд., перераб. И доп. –М.: МЕДпресс-информ. 2007. -624с. 4.Государственная фармакопея Республики КазахстанАлынған ресурс: <http://www.izden.kz/referattar/medicina/152> Ғылыми жұмыстар жинағы. © izden.kz
- Википедия сайтынан алынған және өз тіліммен аударылған